



АМӨЗ 2025 жылды табысты қорытындылады

Атырау мұнай өңдеу зауыты 2025 жылды өңделген мұнай көлемі мен дайын өнім шығару бойынша жоғары көрсеткіштермен аяқтады. Жыл бойы атқарылған қажырлы еңбек пен заманауи технологиялардың үйлесімі кәсіпорынға жаңа белестерді бағындыруға мүмкіндік берді.

2025 жылдың соңғы айы зауыт ұжымы үшін ерекше нәтижелі болды. Желтоқсан айында шикізатты қайта өңдеудің өндірістік жоспары 106%-ға орындалды. Жоспар бойынша 483,6 мың тонна мұнай өңдеу көзделсе, зауыт іс жүзінде 513 мың тонна шикізатты өңдеуден өткізді.

Бұл айдағы ең маңызды жетістік – өңдеу сапасының артуы. Мұнайды терең өңдеу кешенінің (МТӨК) тиімді жұмысының арқасында келесі көрсеткіштерге қол жеткізілді:

Өңдеу тереңдігі: Жоспарланған 84,5%-дың орнына іс жүзінде 90,3%-ды құрады.

Ашық мұнай өнімдерінің үлесі: Жоспарлы меже 67,8% болса, нақты көрсеткіш 77%-ға жетті.

Бұл тек сандық көрсеткіш ғана емес, сонымен бірге сапаның да белгісі. Мұнай өңдеудің тереңдігі мен ашық мұнай өнімдерінің үлесі

белгіленген межеден асып түсті. Атап айтқанда: жоспарланған 176,553 мың тоннаның орнына 206,269 мың тонна автобензин алынды (орындалу көрсеткіші – 117%); дизель отыны бойынша 116,868 мың тонна жоспарланса, іс жүзінде 150 мың тонна өндірілді (орындалу көрсеткіші – 128%); сұйылтылған газдың өндіріс көлемі 24,013 мың тоннаға жетіп, жоспар 131%-ға орындалды.

Жыл бойы әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдерін өндіруге басымдық берілді. Автобензиннің жылдық жиынтығы – 1 млн 788 мың тоннаны құраса, дизель отынының жылдық жиынтығы – 1 млн 915 мың тонна болды.

Жалпы, 2025 жыл зауыт тарихында тұрақтылық пен даму жылы ретінде қалады. 12 айдың қорытындысы бойынша зауыт 5 млн 470 мың тоннадан астам мұнай өңдеді. Бұл көрсеткіш Энергетика министрлігі бекіткен жылдық жоспардың 101%-ға орындалғанын көрсетеді.

**ҚАУІПСІЗДІК –
БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ**



НАГРАДИЛИ ЛУЧШИХ

Оборудование под контролем будущего

На установке замедленного коксования ТОО «АНПЗ» внедрена и успешно применяется интеллектуальная система КОМПАКС® для предиктивной диагностики статического оборудования. В рамках технического обследования была проведена комплексная оценка её работы на коксовых камерах Р-1, Р-2, Р-3 и Р-4 – ключевых элементах технологического процесса установки.

В основе архитектуры системы КОМПАКС® – алгоритмы машинного обучения и прогностического анализа, позволяющие не только фиксировать текущие отклонения, но и прогнозировать развитие дефектов на горизонте, значимом для принятия эксплуатационных решений.

Особое внимание в ходе обследования было уделено эффективности акустико-эмиссионного контроля, одного из ключевых источников данных системы. Метод акустической эмиссии основан на регистрации упругих волн, возникающих при пластической деформации материала, зарождении и росте трещин. В отличие от традиционных методов неразрушающего контроля, направленных на поиск уже сформированных дефектов, акустическая эмиссия позволяет выявлять именно активные зоны повреждений – то есть процессы, находящиеся в развитии.

По мере роста трещин изменяются амплитуда, частота и энергия акустико-эмиссионных импульсов, что обеспечивает высокую вероятность обнаружения дефектов ещё до достижения ими критических размеров. Система КОМПАКС® регистрирует эти параметры и сопоставляет их с динамикой температуры стенок камер, локальными деформациями в зоне сварных швов, линейным удлинением корпусов и отклонением оси камер от вертикали. Разнотипные данные интегрируются алгоритмами искусственного интеллекта, формируя комплексную модель технического состояния оборудования.

Прогностические модели системы используют совокупность измеренных параметров для расчёта остаточного ресурса конструктивных элементов. При этом

учитываются не только текущие акустико-эмиссионные сигнатуры, но и температурные тренды, история нагрузок, механические деформации и особенности технологических циклов. Такой подход позволяет заранее прогнозировать переход дефектов в опасные стадии, оценивать возможные сценарии деградации конструкций и формировать предупреждения, ориентированные на предотвращение отказов.

Важной особенностью КОМПАКС® является высокий уровень автоматизации. Система формирует рекомендации для эксплуатационных и ремонтных подразделений, указывая приоритетные зоны контроля, предполагаемый характер дефектов и прогнозируемые сроки достижения критических состояний. Это обеспечивает переход от регламентного обслуживания к обслуживанию по фактическому состоянию оборудования (Condition-Based Maintenance), оптимизацию графиков ремонтов и снижение риска незапланированных остановов.

Интеграция акустико-эмиссионного мониторинга с предиктивной аналитикой существенно расширяет возможности контроля статического оборудования. Внедрение системы КОМПАКС® на установке замедленного коксования АНПЗ, завершённое в ноябре 2025 года, позволило сформировать научно обоснованную, количественно подтверждённую модель поведения коксовых камер в условиях циклических тепловых и механических воздействий. Это повышает управляемость технического состояния оборудования и в целом усиливает надёжность технологического процесса завода.

Личный опыт

Как роботы помогают нашему заводу

Современный нефтеперерабатывающий завод – это не только мощные установки, но и передовые IT-решения. Специалист Управления информационных технологий (УИТ) АНПЗ Жадыра Сулейменова доказала это, став победителем масштабной программы «7 Qadam PRO» и представив лучший проект по автоматизации производства. Сегодня она хочет поделиться своей историей о том, как стремление к автоматизации привело к победе в республиканском конкурсе.

Все началось с масштабного форума группы компаний «Самұрық-Қазына». Пройдя строгий отбор среди более чем 200 специалистов со всего Казахстана, я вошла в число 20 участников программы «7 Qadam PRO». Для меня было большой честью и ответственностью представлять не только наш завод, но и быть единственным участником от всей Атырауской области.


Обучение было интенсивным: 7 модулей, 3 города, новые знания в области искусственного интеллекта и управления проектами. Мы посещали передовые объекты "Казатомпрома" и это стало для нас отличной площадкой для обмена профессиональным опытом.

Главным этапом стала защита собственного проекта в «КазМунайГазе». Работая в УИТ, я видела, сколько времени уходит на рутинный перенос данных. Поэтому я предложила внедрение программного робота (RPA).

Суть проста: робот сам заходит на портал закупки «zakur.sk», собирает нужную информацию и переносит её в систему SAP. Человек больше не тратит на это часы, а риск ошибок сводится к нулю.

Я бесконечно благодарна своему руководителю – начальнику УИТ Орынбасаровой Эльмире Бауыржановне. Её поддержка и профессиональные советы помогли мне превратить теоретическую идею в работающий инструмент. Без её веры в проект реализовать его было бы гораздо сложнее.

Мой проект признали лучшим в про-



Жадыра Сулейменова, специалист по информационным системам УИТ

грамме. Хотя внедрение планировалось на 2026 год, мы с командой решили не ждать и завершили работу досрочно – к концу 2025 года. Сегодня робот уже готов к труду!

В декабре в Астане я приняла участие в форуме «Год рабочих профессий», где состоялось награждение. Стоя на сцене, я чувствовала гордость за наш АНПЗ. Эта победа – не просто личный успех, а подтверждение готовности нашего Управления информационных технологий к стремительным темпам цифровизации.

Коллеги, не бойтесь предлагать идеи! Наш завод – это место, где инновации находят поддержку, а смелые решения становятся реальностью.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Михаил Пеев: «Зауыттағы қауіпсіздік – техника мен адам жауапкершілігінің балансы»

Атырау мұнай өңдеу зауыты – «А» категориясына жататын стратегиялық маңызға ие нысан. Мұндағы өрт және газ қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Зауыттың Өрт, газ қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметінің бастығы Михаил Пеевпен болған сұхбатымызда зауыттың «өртке қарсы қалқаны» қалай жұмыс істейтіні туралы сөз болды.

– Михаил, бүгінде зауыттың өрт қауіпсіздігі жүйесі қалай құрылған?

– Бізде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенді жүйесі қалыптасқан. Қазіргі таңда «Семсер-Өрт сөндіруші» мамандандырылған қызметімен бес жылдық келісімшарт негізінде жұмыс істейміз. Олар тек тілсіз жаумен күресіп қана қоймайды, күнделікті алдын алу шараларын жүргізеді. Зауыт аумағы учаскелерге бөлінген, әрқайсысына жауапты инспекторлар бекітілген. Олар күн сайын нысандарды тексеріп, кемшіліктерді анықтайды. Айта кететін жайт, егер бұзушылықтар жойылмаса, бұл өндіріс басшыларының негізгі тиімділік көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді.

– Мұнай өңдеу зауытындағы басты қауіп-қатерлерді қалай сипаттар едіңіз?

– Біздің зауыт «А» санатына жатады – бұл өрт қауіп жоғары дегенді білдіреді. Біз тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтаймыз, тасымалдаймыз және өңдейміз. Кез келген адам факторы немесе технологиялық режимнің бұзылуы түтіндеу немесе өрт қаупіне әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан біз персоналды оқытуға және оқу-жаттығу сабақтарын өткізуге баса назар аударамыз. Зауыт бойынша жылына цехтарда 1500-1600-ге жуық жаттығу және 35-ке жуық ірі оқу-жаттығу шаралары өткізіліп отырады. Бұл тек өрт сөндірушілердің ғана емес, жедел персоналдың, медициналық қызмет пен құзеттің үйлесімді жұмысын



нысықтауға да мүмкіндік береді. Былтыр қыркүйек айының соңында 10 мың текше метрлік резервуарлық паркте оқу-жаттығуын өткіздік. Оған қалалық ТЖД гарнизоны да тартылды. Бұл жәй ғана «кезекші» шара емес, нақты эвакуациялау мен сөндіру әрекеттері толық деңгейде көрсетілген ауқымды жұмыс болды. Біз мұндай жаттығулар арқылы қалалық қызметтермен өзара іс-қимылды да нығайтамыз.

– Өндірісте жұмыс істейтін өрт сөндірушілерге қандай талаптар қойылады?

– Өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамамен және нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген нақты талаптар мен критерийлер бар. Біз жылына екі рет олардың осы талаптарға сәйкестігін тексеріп отырамыз. Тексеру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының деңгейіндегі барлық нормалардың сақталуына баса назар ау-



“Семсер-Өрт сөндіруші” қызметкерлері

дарылады. Атап айтқанда, техниканың жарамдылығы яғни, өрт сөндіру келіктері мен жабдықтарының техникалық күйі, өрт сөндірушілердің киім-кешектері мен қажетті құрал-саймандарының толықтығы, кәсіби дайындық. Тексеру қорытындысы арнайы бағалау парағында көрсетіледі. Бұл құжат олардың бас кеңсесіндегі басшылығына жіберіледі. Егер қандай да бір сәйкессіздіктер анықталса, біз оларды жою мерзімін белгілейміз. Мысалы, киім-кешекті жаңартуды немесе техниканы жаңғыртуды талап етеміз. Мұндай қатал бақылау – қауіпті нысандағы қауіпсіздіктің басты кепілі.

– Өртті ерте кезеңде анықтау үшін зауытта қандай заманауи технологиялар бар?

– Соңғы бес жылда біз өртке қарсы автоматиканы жаңарту бойынша үлкен жұмыс атқардық. Технологиялық қондырғылар мен резервуарлық парктер жалынды ерте анықтау детекторымен жабдықталған. Олар от ұшқынын дереу тіркеп, сигналды автоматты түрде логикалық жүйеге жібереді. Нәтижесінде сорғылар іске қосылып, адамның қатысуысыз көбік арқылы өртті сөндіру процесі басталады.

– Қызметкерлердің экстремалды жағдайға дайындығы қалай тексеріледі?

– Бұл өте маңызды бағыт. Бізде арнайы «түтін-газ камерасы» бар. Оперативті пер-

сонал (операторлар, машинистер) толық қараңғылықта және жасанды түтін арасында тыныс алу аппараттарымен жұмыс істеуді үйренеді. Олар мұндай ортада адаспай адам құтқаруды меңгереді. Бұл қызметкердің бойындағы қорқынышты жеңіп, психологиялық дайындығын шыңдайды.

– Сіздің ойыңызша, зауыттағы қауіпсіздіктің басты кілті неде?

– Техника – техника, ал адам – адам. Меніңше, басты мәселе – қызметкерлердің жауапкершілігінде. Егер жұмысшы қандай да болсын ақауды көрсе, одан мән бермей өтіп кетпей, дереу дабыл қағып ашық айтуы керек. Бір-біріне қорған болатын, жауапкершілікті сезінетін ұжымда, ұйымшылдық бар жерде қауіпсіздік жүйесі де мықты болады.

– Өндіріс ошағында жұмыс істейтін әріптестеріңізге қандай кеңес берер едіңіз?

– Өрт қауіпсіздігі тек зауыттың ішінде ғана емес, үйде де, күнделікті өмірде де өте маңызды. Зауыттағы ережелерді сақтауға дағдыланған адам үйінде де өрт қаупін болдырмайды. Менің басты кеңесім: «Қырағылықты жоғалтпаңыз!». Кез келген істе қауіпсіздікті бірінші орынға қойыңыз. Сізді үйде отбасыңыз күтіп отырғанын ұмытпаңыз. Сақтық пен тәртіп – өміріңіздің кепілі.

Формула безопасности: НА АНПЗ НАГРАДИЛИ ЛУЧШИХ РАБОТНИКОВ ПО ИТОГАМ III КВАРТАЛА

23 декабря 2025 года на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе состоялась торжественная церемония награждения победителей конкурса по охране труда и технике безопасности (ОТиТБ) в рамках проекта «АМАН». Мероприятие, прошедшее при поддержке профсоюзной организации ТОО «АНПЗ», объединило тех, для кого «культура безопасности» - это не просто пункты инструкции, а ежедневный осознанный выбор.



ОТВЕТСТВЕННОСТЬ КАЖДОГО – УСПЕХ ЗАВОДА

Церемонию открыл заместитель генерального директора по производству - главный инженер **Нурлан Ещанов**. Обращаясь к заводчанам, он подчеркнул, что высокие производственные рекорды 2025 года стали возможны только благодаря соблюдению жестких стандартов безопасности.

«Безопасность на производстве - это фундамент, на котором строится вся деятельность нашего завода. Мы можем внедрять самые современные технологии и ставить исторические рекорды по переработке, но главной ценностью для нас всегда остается жизнь и здоровье человека. Проект „АМАН“ позволяет нам поощрять тех, кто проявляет лидерство в вопросах охраны труда. Ваша бдительность сегодня – это уверенность в завтрашнем дне всего коллектива», – отметил **Нурлан Ещанов**.

К этим словам присоединился и о. заместителя генерального директора – технический директор **Ануар Серикбаев**:

«Проект „АМАН“ – это не просто конкурс, это часть нашей большой стратегии по формированию проактивной среды, где каждый рабочий и инженер чувствует ответственность не только за себя, но и за коллегу. Сегодня мы ценим лучших, чья работа служит эталоном для всего завода», - добавил **Ануар Серикбаев**.

ГЕРОИ ТРУДОВЫХ БУДНЕЙ

По итогам III квартала звание «Лучшее производство» заслуженно получило Производство глубокой переработки нефти (ППН), а «Лучшей лабораторией» признана Контрольная лаборатория ИЦ «ЦЗЛ».

В личных номинациях награды получили 42 сотрудника. Своими впечатлениями поделились сами герои дня.

Қаһарманов Азамат, оператор технологической установки УКК:

«Как оператор технологической установки, я понимаю: безопасность на нашем объекте начинается с безупречной работы оборудования. Моя задача – не просто следить за показателями, но и вовремя замечать малейшие риски, координируя действия всей смены. Получить признание на уровне завода – большая честь для меня. Это серьезный стимул и дальше работать с максимальной отдачей, чтобы каждый мой коллега всегда возвращался домой к близким живым и здоровым».

Тұрар Шаймардан, оператор ТАМЭ ПАУ:
«Проект „АМАН“ приучает нас к тому, что в безопасности нет мелочей. На установке ТАМЭ мы работаем со сложными процессами, и дисциплина здесь – закон. Я благодарен руководству за высокую оценку моего труда. Эта награда принадлежит всей нашей смене, ведь безопасность – это командная игра».

СПИСОК НАГРАЖДЕННЫХ (III КВАРТАЛ 2025 Г.)

Лучшие работники по ОТиТБ (по подразделениям):

ППНГО:
Сигуатов Нұрболат, оператор технологической установки ЭЛОУ-АТ-2
Капаров Нұрлан, оператор технологической установки ЭЛОУ-АВТ-3
Агыраев Асуланбек, оператор технологической установки КУ ГБД
Букарев Валерий, машинист технологических насосов ФУ
ПГПН:
Қаһарманов Азамат, оператор технологической установки УКК
ПТИЭЭ:
Жумағалиев Марат, Слесарь по обслуживанию теплосетей ПСХ
Изғалиев Сансызбай, Оператор ВКУ



Тажикенова Дана, Аппаратчик химводочистки
Сәуірбай Есет, Электромонтер по ремонту электрооборудования
Балтабеков Бибарыс, Слесарь по ремонту котлов и машин цехов ремонтной группы
Сақипов Нұрхат, Оператор котельной «ЦТЭЩ»
Султанғалиева Жанна, Оператор теплоплотки (Турбинный цех)
РМЦ:
Қалыбаев Наурызбек, Слесарь по ремонту технологических установок группы наружного ремонта.
ЦВ:
Мырзагельдиев Бағдат, Машинист технологических насосов БОВ №1
Амангельдин Нұрұлан, Аппаратчик БОВ №2

Кошаков Асылан, Машинист технологических насосов Водозабора ИЦ «ЦЗЛ»:
Құсайынова Айдана, лаборант химического анализа лаборатории нефти и нефтепродуктов
Мусина Гульнар, лаборант химического анализа санитарно-промышленной лаборатории
Изтелеуова Аружан, лаборант химического анализа лаборатории реагентов и газов
Мирамбекова Гулихан, лаборант химического анализа контрольной лаборатории
КИПИА:
Тамбовцев Виталий, приборист КИП участок №6
ПГП:
Абылайханов Мұрат, оператор технологической установки УСГН КК

Кушенов Абылайхан, оператор технологической установки УГ и ИБ
Қаулабаев Өтеген, оператор технологической установки УГ и ДГ
Умаров Булат, оператор технологической установки УООСУГ и ГФ ПАУ:
Кириленко Вячеслав, Оператор технологической установки РХ
Шаймардан Тұрар, Оператор технологической установки ТАМЭ
Базарбаев Айбек, Оператор технологической установки КРГИГБ
ПНН:
Ермашев Бауыржан, Монтер пути участка по обслуживанию подъездной пути
Мендигалиев Айбек, Оператор эстакады АУТН тит 3227
Мендигалиев Дархан, оператор эстакады эстакады слива нефти и налива нефтепродуктов

ПитН:
Сағаденов Жардем, машинист технологических насосов №42 насосной станции
Ержанов Сабит, оператор товарный сырьевого парка
Кудасов Бауыржан, оператор технологических установок АССБ
Гиноллаева Ақтоты, оператор по учёту участка отгрузки нефтепродуктов
Джумағалиев Берик, оператор эстакады ПХиЭНАУ
Электроцех:
Беріков Рамазан, электромонтер по ремонту аппаратуры релейной защиты и автоматики
ЦОСИПК:
Абсаламов Рустам, оператор товарный установки МОС
Ашимов Мадали, машинист технологических насосов установки БОС
ПКИС:
Картабаев Жасулан, Оператор технологической установки УПНК
Ибрагимов Сергей, Оператор технологической установки УЗК
Таумурунов Ренат, Оператор технологической установки УПС, КУПС

БЛАГОДАРНОСТЬ РОДИТЕЛЯМ

Особым моментом церемонии стало вручение благодарственных писем родителям 14 лучших работников завода. Председатель профсоюзной организации Галимжан Амантурлин отметил, что ответственное отношение к труду берет свое начало в семье.

В благодарственных письмах от имени коллектива и руководства ТОО «АНПЗ» выражена искренняя признательность родителям за их кропотливый труд. В частности, было отмечено, что в важный для предприятия период – во время проведения ППР-2025 – заводчане проявили себя как инициативные и ответственные специалисты.

Их профессиональные знания, активное участие в выполнении производственных задач и, что особенно важно, внимательное отношение к вопросам безопасности оказали прямое положительное влияние на организацию ремонтных работ и взаимодействие в коллективе. Как подчеркнуло руководство завода, именно такие сотрудники способствуют укреплению культуры безопасности и поддержанию высокой производственной дисциплины.

Наряду с теплыми словами благодарности, родителям, воспитавшим настоящих мастеров своего дела, были вручены памятные подарки.

Благодарностью отмечены родители следующих сотрудников:

Толеугалиев Адильхан Талапулы, приборист цеха КИПИА
Буранов Жалғас Салимгереевич, слесарь по ремонту технологических установок РМЦ
Жуманалиев Оразбек Ахметжанович, оператора установки ЭЛОУ-АВТ ППНГО
Жумағалиев Орынбасар Аманбаевич, оператор эстакады ПХиЭНАУ ПитН
Мукатанов Жеткеншек Айтжанович, машинист технологических насосов ЦВ
Сатаев Айбек Ерболатович, оператор технологической установки УЗК ПКИС
Байзекенов Нұрлан Иманбайұлы, товарный оператор установки МОС
Федотенков Анатолий Михайлович, оператор котельной «ЦТЭЩ» ПТИЭЭ
Балтаханов Тілеуғазы Бигазиевич, оператор эстакады ПНН
Дендербаева Айида Робертқызы, лаборант химического анализа ИЦ «ЦЗЛ»
Байрамов Павел Юрьевич, оператор технологической установки УСГН КК
Өтегенов Әлібек Асқарұлы, электромонтер электроцеха
Маслов Тенгиз Фаридович, оператор технологической установки ПАУ
Аманбаев Артур Аралбаевич, оператор технологической установки каталитического крекинга ПГПН

Редакция газеты присоединяется к поздравлениям и желает заводчанам безопасной работы!

МЕЙІРІМДІЛІК ЖАРШЫСЫ

Жаңа жыл қарсаңында Атырау мұнай өңдеу зауытының ұжымы игі дәстүрін жалғастырып, әлеуметтік жауапкершіліктің биік үлгісін көрсетті. Кәсіпорынның бірнеше департаменті мен Кәсіподақ ұйымы бірігіп бүлдіршіндерге нағыз ертегі сыйлады.

БЕСІКТІДЕГІ БЕРЕКЕЛІ КЕЗДЕСУ

2025 жылдың 24 желтоқсанында Еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғау департаменті мен Өндірістік бақылау департаментінің өкілдері Бесікті ауылындағы мектеп-интернатқа арнайы барды. Бүгінде мұнда аз қамтылған отбасылардан шыққан 40-қа жуық тәрбиеленуші білім алып, тұрып жатыр.

БАЛАЛАРДЫ БАҚЫТҚА БӨЛЕГЕН МЕЙІРІМДІЛІК ЭСТАФЕТАСЫ



Зауыттықтардың бұл сапары балалар үшін үлкен мерекеге айналды. Мұнай өңдеушілер әр балаға арналған тәтті сыйлықтан бөлек, мектеп әкімшілігінің сұранысы бойынша қажетті қыстық аяқ киімдер мен күртелерді де ала келді. Сондай-ақ, балалардың бос уақытын белсенді өткізуі үшін спорттық жабдықтар сыйға тартылды.

«Біз үшін адамдарға қамқорлық жасау – кәсіби міндет қана емес, ішкі құндылығымыз. Осы акция арқылы балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлай алғанымызға қуаныштымыз», – деді Еңбекті қорғау бойынша Бас техникалық басшы- еңбекті қорғау және қауіпсіздік қызметінің бастығы **Арман Димукашев**.

Айта кеткен жөн, бұл игі іс 2022 жылдан бері жалғасып келеді. Сол кезде мектеп басшылығының шағын өтінішіне құлақ асқан департамент ұжымы бүгінде бұл бастаманы жыл сайынғы дәстүрге айналдырды.

«Балалар қандай да болсын жақсылыққа лайық. Олардың көзіндегі қуанышты көргенде өзімізді бақытты сезіндік. Миссиямыз орындалды деп білемін», – деді Өндірістік бақылау департаментінің бас маманы **Нағым Қуатов**.

Сиқырлы сәттер және әр шаңыраққа жеткен шаттық

Мерекелік думан мұнымен шектелген жоқ. Зауыттың Кәсіподақ ұйымы «Балаларды оңалту орталығының» бүлдіршіндеріне нағыз гажайыпқа толы кеш ұйымдастырды. Кәсіподақ қызметкерлері Аяз ата мен Ақшақар бейнесіне еніп, балалармен бірге шырша жанында би билеп, ойын ойнады. Орталықтағы барлық балаға тәтті сыйлықтар таратылып, олардың жүздеріне шаттық ұялатты.

Орталыққа арнайы барған **АМӨЗ ЖШС Кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары және «Аманат» бастауыш партия ұйымының төрайымы Бақыт Өтебали** бүлдіршіндерді мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді:

«Балаларға қуаныш сыйлау – біздің азаматтық парызымыз. «Балалар – біздің болашағымыз» дейміз, сондықтан олардың жүзіндегі күлкі мен жүрегіндегі гажайыпқа деген сенімді сақтап қалу өте маңызды. Оңалту орталығындағы әр бүлдіршіннің тағдыры біз үшін маңызды. Бүгінгі шара арқылы біз оларға зауыт ұжымының ыстық ықыласы мен қолдауын жеткізіміз келді. Жаңа жыл әр шаңыраққа бақ-береке, ал кішкентай достарымызға мықты денсаулық әкелсін!» – деді **Бақыт Мүлхайдарқызы**.

Мейірімділік шуағы қала шетіндегі отбасыларға да жетті. Атыраудағы мүгедектерге қолдау көрсетіп жүрген «Мүгедек Әлемі» қоғамдық бірлестігіне қарасты балалардың үйіне Аяз ата мен Ақшақар арнайы барды. Атырау қаласы мен жақын маңдағы ауылдық округтерде тұратын бұл отбасылар үшін зауыт ұжымының ықыласы күтпеген сый болды. Әр шаңыраққа жаңа жылдық сыйлықтар жеткізіліп, тек балалар ғана емес, ата-аналар да ризашылықтарын білдірді.

Жалпы алғанда зауыт атынан осы бірлестікке қарасты 100 отбасыға тәтті сыйлықтар ұсынылды. Зауыт қызметкерлерімен бірге әр шаңырақты аралап, балалардың қуанышына куә болған **«Мүгедек Әлемі» ҚБ төрайымы Күлбаршын Нұржігітова** өз ризашылығын білдірді:

«Біздің бірлестіктің тәрбиеленушілері мен олардың ата-аналары үшін бұл нағыз тосынсый болды. Көптеген баламыз денсаулығына байланысты көп шараға бара алмайды, сондықтан Аяз ата мен Ақшақардың үйлеріне арнайы іздеп келгені оларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Атырау мұнай өңдеу зауытының ұжымына, басшылығына және кәсіподақ ұйымына ерекше қажеттіліктері бар балаларды ешқашан ұмытпай, жыл сайын осындай қамқорлық танытып жатқандары үшін алғысымыз шексіз. Әр сыйлықтың

артында үлкен мейірім мен жүрек жылуы тұр», – деді **Күлбаршын Балхашқызы**.

Түйін

АМӨЗ үшін 2025 жыл - тек мұнай өңдеудегі пайыздық көрсеткіштер емес, сонымен бірге бақытты балалардың күлкісімен өлшенген табысты кезең. Біздің зауыт - бұл тек өндіріс алаңы емес, үлкен мейірімді жүректердің мекені! Қажырлы еңбек пен қатал технологиялық процестердің артында мұқтаж жанға қол ұшын созуға дайын нағыз азаматтар тұр.

Балалардың бақытты күлкісі – зауыт ұжымы үшін ең үлкен марапат!

«АМӨЗ alemi» басылымы №1.
16 қаңтар 2026 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/6.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №4588.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ж. Темірғалиев.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертәев.
Редакторлар – И. Козонова,
Ж. Бисенова.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2024 жылғы
23 ақпанда тіркеліп,
тіркеу туралы
№КЗ18ВР0008072
күәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

AMÖZ alemi